

ЗАҢДА КӨЗДЕЛГЕН ЖАЗАДАН ГӨРІ НЕҒҰРЛЫМ ЖЕҢІЛ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАҢА ҰСТАНЫМДАР



А. Ә. БИЕБАЕВА,
ҚАЗГУЮ Университетінің қылмыстық, қылмыстық-атқару
құқығы және криминология кафедрасының доценті, з.ғ.к

Автор Қазақстан Республикасының 2014 жылғы Қылмыстық кодексінің белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау туралы бабында құқықтық табиғаты әртектес ережелердің: жеңілдетуші мән-жайлардың жазаға әсерінің күшін (шамасын) нақтылайтын ережелер (ҚР ҚК 55-бап. 1, 2 және 3-бөл.) және қылмыстық-құқықтық санкцияда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау тәртібін бекітетін ережелер (ҚР ҚК 55-баб. 4, 5 және 6-бөл.) біріктірілгенін атап көрсетеді. Бұл орайда, сотқа істе ерекше мән-жайлар болмаған жағдайларда төменгі шектен де төмен жаза тағайындау құқығы беріледі. Автордың пікірінше, неғұрлым жеңіл жаза тағайындау институтын құқықтық реттеудің дәстүрлі үлгісінен осылайша алшақтау бір жағынан, жаза тағайындаудың заңнамалық шегі ретінде санкцияның маңызын төмендетеді, екінші жағынан, дискрециялық өкілеттіктерді теріс пайдалану үшін қолайлы жағдай жасайды.

Түйінді сөздер: жаза тағайындау; жазаны жеке даралау; жеңілдетуші мән-жайлардың жазаға әсері; неғұрлым жеңіл жаза тағайындау; ерекше мән-жайлар; төменгі шектен де төмен жаза тағайындау; жазаның жеңілдірек түріне көшу.

Кылмыстық заң балама, салыстырмалы-айқындалған және кумулятивті санкциялар құрастыру жолымен соттарға жазаны жеке даралау үшін мол мүмкіндіктер береді. Бұл орайда жалпы ереже бойынша соттар үшін ҚК Ерекше бөлігі баптарының санкциясында көзделген жаза түрлері мен олардың шектері міндетті болып табылады. Дегенмен, кейбір жағдайларда заңшығарушы соттарға жаза тағайындағанда санкцияның шегінен не жазаны ауырлату, не жазаны жеңілдету жағына қарай шығуға рұқсат береді. ҚР ҚК 52-бабының 2-бөлігінде тұжырымдалған жалпы талапқа сай: жасалған іс-әрекет үшін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделгеннен неғұрлым қатаң жаза Кодекстің 58 және 60-баптарының негізінде тағайындалуы мүмкін, ал Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау үшін негіздер Кодекстің 55-бабында айқындалады.

Дәстүрлі түрде заңда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау деп жазаны ҚК Ерекше бөлігі бабының санкциясының шегінен шыға отырып тағайындау түсініледі. Сотқа осындай мүмкіндікті ҚР ҚК 55-бабының 4 және 6-бөліктері ғана береді, ал осы баптың 1, 2 және 3-бөліктерінде көзделген жағдайларда сот жазаны ҚК Ерекше бөлігі

бабының санкциясының шегінде ғана жеңілдете алады.

Олай болса, отандық қылмыстық заңнаманың белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау туралы нормасында өзінің құқықтық табиғаты бойынша екі түрлі ережелер біріктірілген: жеңілдетуші мән-жайлардың жазаға әсерінің күшін (шамасын) нақтылайтын ережелер (ҚР ҚК 55-баб. 1, 2 және 3-бөл.); санкцияда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау тәртібін бекітетін ережелер (ҚР ҚК 55-баб. 4 және 6-бөл.). Олардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырайық.

Жеңілдетуші мән-жайлардың жазаға әсерінің күшін (шамасын) нақтылайтын ережелер. Қылмыстық заңда жеңілдетуші және ауырлатушы мән-жайлардың жазаға әсерінің жалпы бағыты ғана айқындалған: жеңілдетуші мән-жайлар жазаны жеңілдетеді, ауырлатушы мән-жайлар – ауырлатады. Алайда соттың әділ жаза тағайындау жөніндегі қызметі үшін нақты іс бойынша орын алған жеңілдетуші және ауырлатушы мән-жайлардың жиынтығы жазаның түрі мен мөлшерін анықтауға қаншалықты әсер етуі керек деген мәселенің шешімі өте маңызды болып табылады. Осыған байланысты қылмыстық-құқықтық әдебиетте «жекелеген жеңілдетуші және ауырлатушы мән-жайлардың құқықтық маңызын нақтылау проблемасы» көтеріледі.¹



Жеңілдетуші және ауырлатушы мән-жайлардың құқықтық маңызын нақтылау идеясына қатысты авторлардың пікірі екіге бөлініп кетті.² Бұл пікірдің жақтаушылары сот қызметін мүмкіндігінше формальдандыру – соттардың субъективизмін болдырмаудың және алдын алудың ең қалаулы тәсілі, қылмыстық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асырудағы заңдылық бастауларын күшейтудің маңызды құралы деп санайды. Нақтылау идеясының қарсыластары оны қабылдау соттың қызметін күрделендіріп жібереді, бұл қызметке сот төрелігі үшін зиянды формализм элементтерін алып келеді деп пайымдайды.

Жеңілдетуші және ауырлатушы мән-жайлардың құқықтық маңызын нақтылау идеясын жақтаушылар арасында оны іске асыру жолдары бойынша екі бағыт қалыптасты.

Бірінші бағыт өкілдері, атап айтсақ, В.И. Курляндский, «шартты қабылданған балдар жүйесіндегі бағалары көрсетілген қылмыстың

¹Мясников О.А. Смягчающие и отягчающие наказание обстоятельства в теории, законодательстве и судебной практике. М.: Юрлитинформ, 2002. С. 97.

²Қараңыз: Непомнящая Т.В. Назначение уголовного наказания: теория, практика, перспективы. СПб.: Изд-во Р. Асланова «Юридический центр Пресс», 2006. С. 104-108.



осы түріне тән жазаны жеке-даралау жіктерінің тізімі бар өзіндік межесін (шкала) құрастыру» туралы ғылыми ұсыныстар дайындау қажет деп санайды. Соның нәтижесінде сот әрбір нақты жағдайда әділ жаза тағайындауға мүмкіндік беретін нақты ұсыныстарға ие болуы керек. Екінші бағыт өкілдерінің ұстанымы бойынша жеңілдетуші және ауырлатушы мән-жайлардың әсер ету шамасы тікелей заңның өзінде нақтылануға тиіс.³

Отандық заңшығарушы жеңілдетуші мән-жайлардың құқықтық маңызын нақтылау идеясын құп көріп, оны жүзеге асыру үшін екінші бағыт өкілдерінің ұстанымы оңтайлы деп тапты. Сөйтіп, 1997 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінің қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды бекітетін бабында кейбір жеңілдетуші мән-жайлардың жазаға әсерінің күшін (шамасын) нақтылайтын ережелер пайда болды (53-баб. 4, 5, 5-1 және 6-бөл.). 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінде бұл ережелер белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау туралы бапқа көшірілді.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамада жеңілдетуші мән-жайлардың жазаға әсерінің күшін (шамасын) нақтылау бірнеше тәсілмен жүзеге асырылады:

1) Соттардың санкцияда көзделген бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауына тыйым салу. ҚР ҚК 55-бабының 1-бөлігіне сай істе «қылмыспен келтірілген мүліктік залалды өз еркімен өтеу, моральдық және өзге зиянды қалпына келтіру» жеңілдетуші мән-жайы болғанда, егер Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің адам кінәлі деп танылған бабының санкциясы балама болса (яғни, бас бостандығынан айырумен қатар одан жеңіл негізгі жаза түрін көздесе), сот мына жағдайлардың бірінде бас бостандығынан айыру жазасын тағайындай алмайды:

– жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс болуы;

– жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың экономикалық қызмет саласындағы қылмыс болуы (ҚР ҚК 218, 248 және 249-баптарында көзделген қылмыстарды қоспағанда).

2) Соттарды істе жазаны жеңілдетуші мән-жайлар болған және ауырлатушы мән-жайлар болмаған жағдайларда жазаны жеңілдетуге міндеттеу. Оның үстіне, жазаны қаншалықты жеңілдету керектігі қылмыстық заңның өзінде көрсетіледі: ҚР ҚК 55-бабының 2-бөлігіне сәйкес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар үшін тағайындалған жаза ҚР ҚК Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның ең қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің – жартысынан; ауыр қылмыстар үшін – үштен екісінен; аса ауыр қылмыстар үшін – төрттен

үшінен аспауы керек.

3) Соттарды өз кінәсін толық мойындап, келтірілген залал (зиян) мөлшерімен (сомасымен) келіскен немесе кінәні мойындау туралы мәміле неынтымақтастық туралы келісім нысанында процестік келісім жасасып, оның шарттарын толық орындаған адамдардың жазасын жеңілдетуге міндеттеу. ҚР ҚК 55-бабының 3-бөлігіне сай жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру істері, сондай-ақ процестік келісімнің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін ҚР ҚК Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның ең қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан асыруға болмайды.

Қылмыстық заңның осындай нормалармен толықтырылуы заңшығарушының соттың дискрециялық өкілеттіктерін тарылту үшін жазаны жеңілдетуші мән-жайлардың құқықтық маңызын нақтылау идеясын ұстанатындығын айқын көрсетеді.

Санкцияда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау тәртібін бекітетін ережелер. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігі бабының санкциясында көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау институтының негізінде құқық нормаларының абстрактілі сипаты мен олармен реттелетін әрекеттердің нақты сипаты арасындағы белгілі қарама-қайшылық жатыр. Қылмыстық құқықта ол қылмыстық құқық бұзушылық құрамының абстрактілі сипаты мен шынайы қылмыстық құқық бұзушылықтардың нақты сипаты арасындағы қарама-қайшылықтан көрінеді.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамында қылмыстық құқық бұзушылықтың осы түріне тән қалыпты (типтік) белгілер көрініс беретіні белгілі. Аталған жайт құрамда қылмыстың (қылмыстық теріс қылықтың) осы түрінің жоғарғы және төменгі шектері бар қалыпты (типтік) қоғамдық қауіптілігі бекітіледі деп ұйғаруға негіз береді. Осы шектерге тиісті қылмыстық-құқықтық норма санкциясының жоғарғы және төменгі шекаралары сәйкес келеді. Ал қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудың қалыптан тыс (типтік емес) жағдайлары құрамнан тысқары қалады деуге болады. В.В.Питецкийдің пікірі бойынша, нақ осы мән-жай соттарға ҚК Ерекше бөлігі санкциясының шегінен шыға отырып жаза тағайындау мүмкіндігінің берілуін түсіндіреді.⁴ Ю.С.Жариков қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолданғанда тепе-теңдік пен ақылға қонымды шектерді сақтаудың ерекше маңызға ие болатынына назар аударса,⁵ отандық авторлар жасалған

³Қараңыз: Мясников О.А. Смягчающие и отягчающие наказание обстоятельства в теории, законодательстве и судебной практике. М.: Юрлитинформ, С.121.

⁴Питецкий В.В. Назначение наказания более мягкого, чем предусмотрено законом // Вопросы уголовной ответственности и наказания. – Красноярск: Изд-во КРГУ, 1986. С.154.

⁵Жариков Ю.С. Повышение эффективности уголовного-правового регулирования – главная задача современной уголовной политики государства // Право и государство. 2014. №3(64). С.59.

қылмыстық әрекет үшін қолданылатын сатисфакциялық шаралардың әділ болуының маңызын алдыға тартады.⁶

ҚР ҚК 55-баб. 4-бөлігіне сай заңда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындаудың негізі – *істе ерекше мән-жайлардың болуы*.

Кеңес заманы тұсындағы заңнамада қандай мән-жайларды ерекше деп тану керектігі нақтыланбайтын. Сондықтан, құқықтық әдебиетте «ерекше мән-жайлар» ұғымына түрлі мазмұн берілетін: «жеңілдетуші мән-жайлармен жиынтықта жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілік дәрежесінің салыстырмалы түрде төмен (қылмыстың осы түріне тән емес) екендігін баяндайтын, жасалған қылмыс бойынша анықталған нақты мәліметтер (істің нақты мән-жайлары)»; «жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілігін күрт төмендететін кез келген мән-жай»; «құқықтық сипаттамасы жоқ, бірақ соттың өз пайымдауы бойынша ерекше деп танылатын қандайда бір айрықша мән-жайлар».⁷

Заңда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау институтын қолданудың құқықтық негіздерін дұрыс түйсінуге мақсатында сот тәжірибесін зерттеген ғалымдар соттар заңда көзделген де, көзделмеген де жеңілдетуші мән-жайларды ескереді деген қорытындыға келген. Бұл орайда көп реттерде соттар жеңілдетуші мән-жайлардың жиынтығын ерекше мән-жай ретінде таныған.⁸

Қазақстанның қолданыстағы қылмыстық заңнамасы соттар ерекше мән-жайлар деп нені түсінуі керек екенін ішінара ашады. Ең алдымен, бұл – әрекеттің қоғамдық қауіптілігін айтарлықтай төмендететін мән-жайлар болуы керек. Одан өзге заңшығарушы бұл мән-жайлар: а) іс-әрекеттің мақсаттары және себептерімен; ә) кінәлі адамның рөлімен, оның қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезіндегі немесе одан кейінгі мінез-құлқымен; б) топтық қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушының топтың жасаған іс-әрекеттерін ашуға белсене жәрдемдесуімен байланысты болуы мүмкін деп атап көрсетеді (ҚР ҚК 55-баб. 4-бөл.).

Теориялық ұстанымдар мен заңның мәнін басшылыққа ала отырып, заңда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындаудың негізі ретіндегі ерекше мән-жайлардың мынадай анықтамасын тұжырымдауға болады: қылмыстың (қылмыстық теріс қылықтың) және оны жасаған адамның қоғамдық қауіптілік дәрежесін қылмыстың (қылмыстық теріс қылықтың) осы түріне тән қалыпты қоғамдық қауіптілік дәрежесімен салыстырғанда айтарлықтай төмендететін істің нақты мән-жайлары.

Осылайша түсінген жағдайда қылмыстық істің кез келген жеңілдетуші мән-жайы – заңда көзделген де, көзделмеген де – ерекше деп танылуы мүмкін. ҚР ҚК 55-бабының 5-бөлігінде арнайы бекітілгендей, жеңілдететін жекелеген мән-жайлар да, осындай мән-жайлардың жиынтығы да ерекше мән-жайлар деп танылуы мүмкін. Алайда ерекше мән-жай деп танудың міндетті шарты – олар қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілік дәрежесін айтарлықтай төмендетуі немесе сотталушының әлеуметтік-рухани бет-бейнесін ерекше жағымды жағынан сипаттауы керек.

Ерекше мән-жайлар әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесінің жалпы сипаттамасының негізінде емес, осы іске тән және әрбір нақты жағдайда жеке-дара бағаланатын айрықша мән-жайларды ескере отырып анықталатындықтан, ерекше деп танылуы мүмкін

мән-жайлардың аясына қатысты жалпылама сипаттағы ұсыныстарды күні бұрын тұжырымдау мүмкін емес.

Кеңестік құқықтық әдебиет беттерінде заңда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындаудың себептерін үкімде көрсетудің міндеттілігі туралы талапты заң жүзінде бекіту ұсынылатын. Өкінішке орай, ғалымдардың ұсынысын қылмыстық заңнаманы жаңарту барысында отандық заңшығарушы есепке алмады. Дегенмен, ҚР Жоғарғы соты өзінің 2015 жылғы 25 маусымдағы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» №4 Нормативтік қаулысында соттарды «іс бойынша анықталған мән-жайлардың нақты қайсысын ерекше мән-жайлар деп танитынын және оларды ҚР ҚК-нің 55-бабын қолдану кезінде кінәлінің жеке басы туралы қандай деректермен ұштастырып негізге алатынын үкімде әрбір сотталушыға қатысты көрсетуге» міндеттейді.⁹

Істе ауырлатушы мән-жайлар болған жағдайда заңда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау мүмкіндігі туралы мәселе төңірегінде қылмыстық құқық теориясында пікір бірлігі жоқ. Авторлардың бір тобы істе ауырлатушы мән-жайлар болған жағдайда заңда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау ережелеріне жүгінуге болмайды деп пайымдаса, екінші тобы, керісінше, ауырлатушы мән-жайлардың болуы заңда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау мүмкіндігін теріске шығармайды деп санайды. Аталған мәселені шешкенде формальды ұстанымға жол беруге болмайды. Ауырлатушы мән-жайлардың болуы әрқашан заңда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындауға кедергі болып табылмайды. Сот ауырлатушы мән-жайлар болғанда да ҚР ҚК 55-бабының 4-бөлігін қолдану қажет деген қорытындыға келуі әбден мүмкін. Бұл ретте жеңілдетуші және ауырлатушы мән-жайлардың ара қатынасын, олардың нақты қылмыстық құқық бұзушылық жағдайындағы салмағы мен маңызын дәл анықтап алу қажет. Ауырлатушы мән-жайлар болғанда ҚР ҚК 55-бабының 4-бөлігін қолдана отырып, сот бұл мән-жайлардың сипатын, олардың қылмыстың (қылмыстық теріс қылықтың) жалпы көрінісіндегі рөлі мен маңызын, олардың сотталушының жеке басымен ара қатынасын түсініп алуға тиіс.

Тәжірибе қызметкерлерінің арасында ауыр немесе аса ауыр қылмысты жасау ҚР ҚК 55-бабының 4-бөлігін қолдануды теріске шығарады деген жаңсақ пікір кең тараған. Құқықтық әдебиетте бұл мәселе төңірегінде тура қарама-қайшы мазмұндағы пікір айтылады: заңның неғұрлым жеңіл жаза тағайындау туралы бабын тәжірибеде қолдану қажеттігі санкцияда ұзақ мерзімдік бас бостандығынан айыру жазасы көзделген ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған адамдарды соттаған кезде ғана туындайды.¹⁰

Қазақстанның қолданыстағы қылмыстық заңнамасында ҚК 55-бабының 4-бөлігін қолдануға кедергі болып табылатын қандай да бір мән-жайлар аталмаған. Сол себепті ҚР Жоғарғы соты ерекше мән-жайлар болған кезде ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаудың өзі адамға заңда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындауға кедергі болмайды деп көрсетеді. Тіпті адамның бірнеше қылмыс жасауының өзі жиынтыққа кіретін қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі немесе бірнешеуі бойынша ҚК 55-бабының 4-бөлігін қолдануды теріске шығармайды.

Заңда неғұрлым жеңіл жаза тағайындауға кедергі болып табылатын мән-жайлар аталмағанына қарамастан, кейбір жағдайларда ҚК

⁶Нұртаев Р.Т., Керімқұлов Ә.Т. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері // Құқық және мемлекет. 2016. № 2(71). С. 97.

⁷Қараңыз: Николаева Т.В. Назначение более мягкого наказания, чем предусмотрено законом за данное преступление (исторический аспект развития) // Вестник ВЭГУ. 2001. №16.

⁸Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау (теория мен практика мәселелері): монография. Астана: Фолиант, 2002. С. 173.

⁹«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 Нормативтік қаулысы // URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500000045> - 9.11.2016 ж.

¹⁰Щерба С., Плешаков А. Назначение более мягкого наказания, чем предусмотрено законом // Советская юстиция. 1982. №3.



55-бабының 4-бөлігін қолдану объективті түрде мүмкін емес. Айталық, егер ҚК Ерекше бөлігі бабының санкциясы жазаның ең жеңіл түрінің минимумын (мысалы, жиырма бес АЕК мөлшеріндегі айыппұл) көздейтін болса, заңда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау мүмкін емес, өйткені одан жеңіл негізгі жаза заңнамада жоқ.

ҚК 55-бабының 4-бөлігін қолдану соттың міндеті емес, құқығы болып табылады. Алайда ізгілік, жазаны жеке даралау және әділдік принциптері істе ерекше мән-жайлардың бар екенін анықтаған соттың осы норманы қолдануын талап етеді. В.В. Питецкий соттар неғұрлым жеңіл жаза тағайындау ережесіне өзгеше тәсілмен (мысалы, шартты түрде соттауды қолдану, жазаны өтеуді кейінге қалдыру, қылмыстық жауаптылықтан босату) жауаптылықты жеңілдету мүмкіндігі болмаған жағдайларда ғана жүгіне алады деген жаңылыс пікір айтқан болатын.¹¹ Автордың пікірі формальдық тұрғыдан заңнамаға кереғар келеді, себебі қолданыстағы қылмыстық заңнама аталған қылмыстық-құқықтық институттарды қатар қолдану мүмкіндігіне шек қоймайды.

ҚР ҚК 55-бабының 4-бөлігі Ерекше бөлік бабының санкциясының шегінен шыға отырып жазаны жеңілдетудің үш тәсілін көздейді: 1) төменгі шектен де төмен жаза тағайындау, яғни ҚК Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең жеңіл жаза түрін, бірақ санкцияның минимумынан төмен етіп тағайындау; 2) жазаның неғұрлым жеңіл түрін тағайындау, яғни ҚК Ерекше бөлігінің тиісті бабының «санкциясында көзделмеген жаза түрін тағайындау»;¹² 3) міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жазаны қолданбау. Жазаны жеңілдетудің аталған тәсілдерін қатар қолдануға жол берілмейді.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамада ерекше мән-жайлар болғанда жазаны жеңілдету тәсілдерінің кеңейтілгенін айта кету керек. 1959 жылғы ҚазҚСР Қылмыстық кодексінде төменгі шектен де төмен жаза тағайындау және жазаның неғұрлым жеңіл түрін тағайындау тәсілдері ғана көзделген болатын.

Әрбір нақты жағдайда жазаны жеңілдетудің қай нұсқасына жүгіну мақсатқа лайық болатынын шешу – соттың құзыретіндегі мәселе. Дегенмен, жазаны жеңілдетудің заңнамада аталған нұсқалары санкцияда көзделген мәжбүрлеу шараларының жазалаушылық жүктемесін төмендету қасиеті бойынша бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетінін есте ұстаған жөн. Жазаны жеңілдету тұрғысынан алғанда ең көп мүмкіндіктерге неғұрлым жеңіл жаза тағайындаудың екінші нұсқасы ие. Оны қолдана отырып, сот жазалар баспалдағы бойынша бір де, бірнеше де сатыға көтеріле алады. Сол себепті әдебиетте кейбір ғалымдар негізді түрде жаза тағайындаудың жаңа шектерінің ең төменгі

және ең жоғарғы шекараларын қылмыстық заңда бекітуді ұсынады.

Сот ҚР ҚК 55-баб. 4-бөлігін қолдана отырып тағайындаған жаза мөлшері кез келген жағдайда заңмен жазаның сәйкес түрі үшін орнатылған минимумнан төмен бола алмайды. Олай болса, қарастырылып отырған қылмыстық-құқықтық нормада Ерекше бөлік бабы санкциясының шегінен шығу жайлы ғана сөз болып тұр, ал ҚК Жалпы бөлімінің қандай да бір жаза түрінің минимумы туралы ережелерін соттар мүлтіксіз орындауға тиіс.

Бұдан өзге, қылмыс жасаған адамға жазаның жеңілірек түрін тағайындай отырып, сот қылмыстық теріс қылықтар үшін тағайындалатын жаза түрлеріне көше алмайды.

Жазаны жеңілдетудің төменгі шектен де төмен жаза тағайындау тәсілі ҚР ҚК 55-бабының 6-бөлігінің негізінде де қолданыла алады. Онда тұжырымдалған ережеге сай 55-баптың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген мән-жайлар болған кезде жаза Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген төменгі шектен де төмен тағайындалуы мүмкін. Өкінішке орай, заңда осы жағдайларда төменгі шектен де төмен жаза тағайындаудың негіздері нақты айқындалмаған. Сондықтан, ҚР ҚК 55-бабының 2 және 3-бөліктерінде көзделген мән-жайлар сотқа жазаны қылмыстық заңның Ерекше бөлігі бабының санкциясы шегінде де, оның шегінен шыға отырып та жеңілдетуге құқық береді. Бұл жерде біз сотқа шексіз дискрециялық өкілеттіктер берудің келеңсіз мысалын көріп отырмыз.

Сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай, соттар белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау ережесіне айтарлықтай жиі жүгінеді. ҚР ҚК 55-бабының 4-бөлігінің жиі қолданылуын ғалымдар екі түрлі себеппен түсіндіреді: бір жағынан, бұл жайт қылмыстық-құқықтық нормалар санкциялары минимумының шектен тыс жоғары екендігін көрсетеді, екінші жағынан, бұл норманың жиі қолданылуы қылмыстық-құқықтық нормалардың диспозициясында қылмыстардың (қылмыстық теріс қылықтардың) осы түрін жасаудың қоғамдық қауіптілігі төмен нысандары (тәсілдері) толық көрініс таппағандығын білдіреді.¹³ Қалыптасқан жағдайды өзгерту үшін не санкциялардың минимумын төмендету керек, не жеңілдетуші мән-жайлары бар қосымша құрамдарды енгізу жолымен норма диспозицияларын өзгерту қажет.

Біздің пайымдауымызша, ҚР ҚК 55-бабының 4-бөлігінің жиі қолданылуы кейде судьялардың өз кәсіби міндеттерін орындауға жауапсыз қарауының салдары болып табылады. Заңда неғұрлым жеңіл жаза тағайындаудың негізі ретінде бағалаушы категория болып табылатын ерекше мән-жайлардың

¹¹Питецкий В.В. Аталған еңбек. С.112.

¹²Фаргиев И. Чрезвычайное смягчение наказания // Уголовное право. 2016. № 4. С. 91.

¹³Питецкий В.В. Аталған еңбек. С.160.



аталуы теріс пайдаланушылықтар үшін қосымша мүмкіндіктер жасайды. Бұл орайда ҚР Жоғарғы сотының соттарды үкімнің уәждеу бөлігінде жазаны жеңілдетудің негізі болған ерекше мән-жайлардың мазмұнын ашуға міндеттеуі өте орынды деп санаймыз.

Жалпы ереже бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға жаза ҚК Ерекше бөлігі бабының санкциясы шегінде тағайындалуы тиіс, ал белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау ерекше (қалыптан тыс) сипат тасуға тиіс. Заңда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындауға санкцияда көзделген жаза түрлерінің барлығы шектен тыс қатал болуының және жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесіне және анықталған ерекше мән-жайларға сәйкес келмеуі салдарынан қолданыла алмайтын болған жағдайларда ғана жол берілуі керек.

А.А. Биебаева: Правовая регламентация назначения более мягкого наказания, чем предусмотрено законом: традиции и новые подходы.

Автор отмечает, что в статье Уголовного кодекса Республики Казахстан 2014 г. о назначении более мягкого наказания, чем предусмотрено за данное уголовное правонарушение, объединены правила, имеющие различную правовую природу: правила, конкретизирующие силу (меру) влияния на наказание отдельных смягчающих обстоятельств (ч.ч. 1, 2 и 3 ст. 55 УК РК) и собственно правила назначения более мягкого наказания, чем предусмотрено в санкции уголовно-правовой нормы (ч.ч. 4, 5 и 6 ст. 55 УК РК). При этом суду предоставлено право назначения наказания ниже низшего предела и при отсутствии в деле исключительных обстоятельств. Автор полагает, что подобный отход от традиционной модели пра-

вовой регламентации института назначения более мягкого наказания, с одной стороны, принижает значение санкции, как законодательного предела назначения наказания, с другой стороны, создает благоприятную почву для злоупотребления дискреционными полномочиями.

Ключевые слова: назначение наказания; индивидуализация наказания; влияние смягчающих обстоятельств на наказание; более мягкое наказание; исключительные обстоятельства; назначение наказания ниже низшего предела; переход к более мягкому виду наказания.

A. Biebayeva: Legal regulation of the appointment of a softer punishment

In the article of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan in 2014 on the appointment of a more lenient sentence than prescribed for the criminal offense, combined are rules with a variety of legal nature: rules specifying the force (measure) influence on the punishment of certain mitigating circumstances (parts 1, 2 and 3 of Article 55 of the Criminal Code of the RoK) and proper assignment rules more lenient sentence than provided for in the sanctions of the criminal law (parts 4, 5 and 6 of Article 55 of the Criminal Code of the RoK). In this case, the court is entitled to sentencing below the lower limit, in the absence of exceptional circumstances in the case. According to the author, such a departure from the traditional model of legal regulation of institute destination lighter punishment, on one hand, diminishes the value of sanctions, as a legislative limit sentencing, on the other hand, it creates a fertile ground for abuse of discretion.

Keywords: imposition of sentence; individualization of punishment; the effect of mitigating circumstances on the punishment; a lighter sentence; exceptional circumstances; sentencing below the lower limit; the transition to a more lenient form of punishment.

НОВЫЕ КНИГИ

Марченко М.Н. Правовое государство и гражданское общество (теоретико-правовое исследование): учебное пособие. Москва: Проспект, 2015. – 648 с.
ISBN 978-5-392-12450-3.

В книге рассматривается широкий круг вопросов, касающихся теории и методологии исследования правового государства и гражданского общества, их идентифицирующих признаков и черт, основных путей и форм их взаимосвязи и взаимодействия.

Рассматривая различные теории правового государства и гражданского общества под углом зрения адекватности отражения в них реальной действительности, автор приходит к выводу о том, что это теории не настоящего государственного и общественного образования, а предполагаемого, весьма идеализированного будущего.

В мире никогда не было и нет того, что именуется правовым государством и гражданским обществом, исходя из тех высоких требований, которые предъявляются к данным образованиям идеологами и их последователями. Но есть на каждом этапе развития человеческой цивилизации свои государственно-правовые и общественные идеалы, своего рода «утопии земного рая» (П. И. Новгородцев), которые могут быть «не только безусловной целью прогресса», но и «практической действительностью».

